

## **Ғылыми-техникалық қызметте сараптама ұйымдастыру мен жүргізу туралы**

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы. 14 қыркүйек 1993 ж . N 876 Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2002.12.27. N 1385 қаулысымен.

"Қазақстан Республикасында ғылым мен мемлекеттік ғылыми-техникалық саясат туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Ғылыми-техникалық қызметте сараптама ұйымдастыру мен жүргізу туралы Ереже /қоса беріліп отыр/ бекітілсін.

Министрліктер мен ведомстволар өздерінің сараптама органдарының құрылымы мен функцияларын Ереженің талаптарына сәйкес келтірсін.

2. Қазақстан Республикасының Ғылым және жаңа технологиялар министрлігі ғылыми-техникалық сараптама жөніндегі жұмысқа жалпы басшылық жасап үйлестіруді қамтамасыз етсін.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-министрі*

Қазақстан Республикасы  
Министрлер Кабинетінің  
1993 жылғы 14 қыркүйектегі  
N 876 қаулысымен  
Бекітілген

**Ғылыми-техникалық қызметке сараптама ұйымдастыру  
мен жүргізу туралы  
Е Р Е Ж Е**

### **Жалпы қағидалар**

1. Осы Ереже "Қазақстан Республикасындағы ғылым мен мемлекеттік ғылыми-техникалық саясат туралы" Заңға сәйкес әзірленді және мемлекеттік мәні бар ғылыми-техникалық қызметке сарапшылық /мемлекеттік ғылыми-техникалық сарапшылық/ ұйымдастыру мен жүргізуді реттейді.

2. Аталған Ережені ғылыми-техникалық қызмет саласында шешімдер қабылдайтын мемлекеттік өкімет пен басқару органдары басшылыққа алады.

3. Мемлекеттік ғылыми-техникалық сарапшылық /бұдан әрі - МФТС/ ғылыми-техникалық прогрестің аса маңызды мәселелері жөнінде қабылданатын шешімдердің негізділік деңгейін арттыру мақсатымен сараптау объектісіне

тәуелсіз талдамалы бағалау алу үшін мемлекеттік өкімет пен басқару органдарының өтінімі бойынша өткізілетін іс-қимылдармен тұжырымдардың бағалау жүйесі.

4. Қазақстан Республикасының республикалық бюджетінен қаржыландырылатын ғылыми-техникалық қызмет объектілері бойынша, сондай-ақ осы Ереженің 18-тармағында көрсетілген объектілер бойынша МҒТС міндетті болып табылады және объектіні қаржыландыру /өткізу/ туралы шешім қабылдаудың ізашары болады. Жергілікті бюджеттерден, бюджеттен тыс қорлардан акционерлік, жеке капиталмен қаржыландырылатын объектілер бойынша МҒТС жергілікті өкімет органдарының немесе тиісті қорлар иелерінің инициативасы бойынша жүргізіледі.

5. МҒТС-тың негізгі міндеттері:

республиканың ғылыми-техникалық әлеуетінің жай-күйі мен даму үрдісіне қарай бағдарламалар мен жобаларды іске асырудың мүмкіндіктерін бағалау; бағдарланатын зерттеулер мақсатының маңыздылығын, жоспарланған операциялар арқылы оларға жетудің мүмкіндіктерін, жұмсалғалы отырған еңбектің, қаржы қаражатының материалдық ресурстардың қажеттілігі мен жеткіліктілігін бағалау; жобаларды қаржыландыру /өткізу/ үшін таңдап алу жөнінде ұсыныстар тұжырымдау;

қаржыландырылған жобалардан алынған нәтижелердің /орындалу, аяқталу және өндіріске енгізілу сатыларында/ маңыздылығын, жұмсалған қаражаттың тиімділігін бағалау және қаржыландыруды жалғастыру, өзгерту немесе тоқтату туралы ұсыныстар тұжырымдау болып табылады.

6. Сараптаудың негізгі принциптері:

- сараптама қорытындыларының өңін айналдыруға икемді сыртқы әсерлерді мейлінше азайтатын арнайы тетіктерді іске асыруды шамалайтын тәуелсіздік пен объективтілік;

пайдаланылатын және өңделетін ақпараттың толықтығы мен дұрыстығы; сарапталатын объектіні іске асырудың ғылыми-техникалық қана емес, сонымен бірге экономикалық, экологиялық және әлеуметтік салдарын бағалауға саятын кешенділік;

қоғам ашықтылық және сараптамаға қатысушылардың құқығын қорғау болып табылады.

7. МҒТС-тің субъектілері:

ізденуші - сараптау объектісі бойынша ұсыныс жасайтын және объектіні іске асыруға, қаржы алуға немесе рұқсат алуға үміт ететін субъект - жеке адам немесе адамдардың тобы, мекеме, кәсіпорын, ведомство, шетелдік компания;

тапсырыс беруші - сараптау объектісі бойынша шешім қабылдайтын және МҒТС жүргізуге тапсырыс беретін субъект - мемлекеттік орган /Қазақстан

Республикасының Жоғарғы Кеңесі, Министрлер Кабинеті, Ғылым және жаңа технологиялар министрлігі, басқа министрліктер мен ведомстволар/, жекелеген кәсіпорындар, мекемелер, ұйымдар;

ұйымдастырушы -МҒТС-қа тапсырыс беруді іске асыруды ұйымдастыру жағынан қамтамасыз етуді жүзеге асырушы субъект /сарапшылық орган/- Қазақстан Республикасы Ғылым және жаңа технологиялар министрлігінің Ғылыми-техникалық сараптау бас басқармасы, орталық аппараттың бекітілген шегіндегі адам санынан құрылған ведомстволық сараптау органы;

орындаушы - ізденушінің ұсынысын талдайтын және сараптау қорытындысын беретін субъект -тәуелсіз сараптамашылар /жоғары білімді ғалымдар, мамандар, соның ішінде шетелдік/, сарапшылық топтары, комиссиялары, кеңестері, ұйымдары, кәсіпорындары, тиісінше мамандандырылған шет ел компаниялары.

Тапсырыс беруші, ұйымдастырушы және орындаушы МҒТС рәсімдемелерінің тікелей қатысушылары болып табылады.

#### 8. МҒТС-ты өткізудің жалпы тәртібі:

тапсырыс беруші ізденуші табыс еткен материалдар бойынша МҒТС-ты жүргізу туралы шешім қабылдайды; сарапталатын объектінің ауқымдылығына, күрделілігіне, ерекшелігіне және оны қаржыландырудың көздеріне қарай ұйымдастырушыны таңдайды; сараптау жүргізуге тапсырыс беруді рәсімдеп, оны және ізденушіден түскен материалды ұйымдастырушыға жібереді;

ұйымдастырушы түскен материалдарды алдын ала талдаудан өткізеді; тапсырыс берушімен сараптауға қойылатын талаптарды және орындаудың шарттарын /қаржыландыру тәртібін, мерзімдерін және т.б./келіседі; орындаушыларды таңдап алады және олардың жұмысын ұйымдастырады; орындаушылардан түскен сараптау қорытындыларын талдайды, солардың негізінде сараптаудың жиынтық қорытындысын жасап, оны тапсырыс берушіге т а б ы с е т е д і ;

тапсырыс беруші сараптау объектісі жөнінде шешім қабылдаған кезде сараптаудың қорытындысын пайдаланады.

МҒТС субъектілерінің ұйымдық-құқылық және қаржылық өзара қарым-қатынастары қолданылып жүрген заңдарға сәйкес ресімделіп, реттеледі.

#### **МҒТС-қа қатысушылардың негізгі құқықтары мен міндеттері**

9. Тапсырыс берушінің: сараптауға балама жобалар түсіруге; ұйымдастырушымен келісе отырып, сараптама жүргізудің мерзімдерін белгілеуге;

сараптауды ұйымдастыру мен жүргізуге қаржылық шарттар жасасуға;

МҒТС-қа тапсырыс берудің талаптарын орындамаған жағдайда сараптау қорытындысын қайтарып тастауға немесе оны қайтадан өңдеуге жіберуге; сараптаудың сапасы мен объективтілігін жетіспеуі бойынша сараптаудың жиынтық қорытындысымен келіспеген жағдайда тиісті /12-тармақ/ шағым жасау орындарына жүгінуге құқы бар.

10. Ұйымдастырушының:

сараптау ұйымдастыру мен жүргізу үшін қажетті ақпараттың бәрін алуға, сондай-ақ өз жұмысын қаржылық, материалдық-техникалық және әкімшілік-құқылық жағынан қамтамасыз етуге;

сараптама орындаушыларының жеке құрамын белгілеуге, сарапшылар ретінде жетекші ғалымдар мен жоғары білікті мамандарды, ұжымдық сарапшылар ретінде сараптау топтарын, комиссияларын, кеңестерін, сондай-ақ ұйымдарды, кәсіпорындарды, тиісінше мамандандырылған шет ел компанияларын тартуға;

тапсырыс берушімен келісе отырып сараптау жүргізудің мерзімдерін белгілеуге;

жеке және ұжымдық сарапшылар жұмысының нәтижелерін табыс етудің тәртібін белгілеуге;

сараптама жүргізуге қаржылық шарттар жасасуға;

сараптау қорытындылары негізінде сараптау объектілерін қаржыландыруды /өткізуді/ бастау, тоқтату немесе шарттарын өзгерту туралы ұсыныстар енгізуге;

сараптамашылар құрамына қойылатын талаптарды сараптамашылар орындамаған жағдайда сараптама қорытындыларын қабылдамай тастауға немесе қайтадан өңдеуге жіберуге;

сараптама қорытындылар бойынша тапсырыс беруші қабылдаған шешімдермен келіспеген жағдайда тиісті /12-тармақ/ шағым беру орындарына жүгінуге құқы бар.

11. Орындаушының:

сараптама жүргізу үшін қажетті бүкіл ақпаратты, соның ішінде сараптама жұмысын жүргізу барысында туындаған мәселелер бойынша ақпарат алуға;

сараптаманың жиынтық қорытындысына немесе қабылданған шешімдерге келіспеген жағдайда ерекше пікірін білдіруге және тиісті /12-тармақ/ шағым беру орындарына жүгінуге құқы бар.

12. МҒТС-тің шағым беру орындары:

ұйымдастырушының шешіміне /сараптаманың жиынтық қорытындылары/-жанынан сараптау органы құрылған министрлік, ведомство;

сараптау объектісі бойынша тапсырыс берушінің шешіміне - тиісінше жоғары тұрған орган болып табылады.

13. Тапсырыс беруші:

ұйымдастырушының қызметін ақпараттық, қаржылық, материалдық-техникалық, әкімшілік-құқылық жағынан қамтамасыз етуге, оның қажетін уақтылы қанағаттандырып отыруға;

тапсырыс беру талаптарына сәйкес ұйымдастырушыдан сараптау қорытындыларын қабылдауға және оларды сараптау объектісі бойынша шешімдер қабылдаған кезде пайдалануға міндетті.

#### 14. Ұйымдастырушы :

тапсырыс берушімен келісілген талаптарға сәйкес МФТС-қа берілген тапсырыстың уақтылы орындалуын қамтамасыз етуге;

орындаушыны ресурстардың қажетті түрлерімен және қызмет жағдайларымен қамтамасыз етуге;

сарапшылар туралы, оларды сараптау қызметіне тартудың деңгейі мен нысандары туралы, тапсырыстарды орындаудың саны мен сапасы жөніндегі рейтинг, Қазақстан Республикасының заңдары бойынша жеке адамдар құқығына нұқсан келтірмейтін басқа да мәліметтер туралы деректер банкін қалыптастыру ісін е қ а т ы с у ғ а ;

нақтылы объекті бойынша сарапшылардың жеке құрамы туралы мәліметтердің, сондай-ақ мемлекеттік немесе коммерциялық құпиясы бар ақпараттың құпиялылығын сақтауға; интеллектілік меншікке құқықтың сақталуын қамтамасыз етуге;

өздерінің ұйымдастыру шараларының және олардың нәтижелерінің жариялылығын қамтамасыз етуге, сарапшыларға қысым жасалуына қарсы т ұ р у ғ а м і н д е т т і :

#### 15. Орындаушы :

тапсырыстың талаптарына сәйкес ұйымдастырушы алдында өзіне алған барлық шарттық міндеттемелерін орындауға;

сараптау объектісінің сипаттамасын объективті түрде бағалауға; сараптауға табыс етілген деректердің құпиялылығын бұзбауға міндетті.

16. Ізденуші тапсырыс берушіге ұсынған және сараптауға түскен мәліметтердің құпиялылығы :

ізденуші жүзеге асыратын сақтауға қабілетті әзірлемелердің алдын ала патенттік қорғалуымен;

МФТС ресімдеріне тікелей қатысушылардың сарапталатын ақпараттың құпиялылығын бұзбауға міндеттілігімен қамтамасыз етіледі.

Ізденушінің талап етуі бойынша оның интеллектілік құқығын қосымша қорғау үшін оны мен тапсырыс беруші арасында ақпараттың құпиялылығы мен жария етілмеуі туралы жазбаша шарт ресімделеді, онда шартта айтылған ақпаратты алушы тарап /тапсырыс беруші/ оны сараптау жүргізуден басқа өзгеше мақсатта жария етпеу мен пайдаланбауы көзделеді. Тапсырыс беруші бұл жағдайда

ұйымдастырушымен, ол өз кезегінде орындаушымен тиісті шарт жасасуға міндетті. Шарттар сондай-ақ орындаушылардың нақтылы құрамы туралы ақпараттың ізденушіден жабық болуын көздеуге тиіс. Шартта айтылған ақпарат ізденушілерден рұқсатынсыз жария етілгенде, пайдаланылғанда немесе сараптауға қатыспайтын ұйымдарға немесе адамдарға берілгенде шарт талаптарын бұзған адамдар сот алдында жауапқа тартылады және мұның өзі ізденушіге оған келтірілген зиянды қолданылып жүрген заңдарға сәйкес сот тәртібімен өндіріп алуға құқық береді.

### **Бас Мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама**

17. Бас мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама /БМҒТС/- бұл тұтас алғанда Қазақстан Республикасының мүддесін білдіретін стратегиялық маңызы бар ғылыми-техникалық қызмет объектілері бойынша Қазақстан Республикасының Ғылым және жаңа технологиялар министрлігі ұйымдастыратын МҒТС.

### 18. БМҒТС-тың объектілері:

Қазақстан Республикасында салынып жатқан /соның ішінде шетелдік инвестицияны тарту арқылы да/ аса маңызды өндірістік-технологиялық кешендер жобаларының, мемлекеттік күрделі қаржыны пайдалануға үміттенуші инновациялық жобалардың ғылыми-техникалық бөлігі;

ұлттық бағдарламалардың ғылыми-техникалық бөлігі;

республикалық нысаналы ғылыми-техникалық бағдарламалар;

мемлекетаралық және халықаралық ғылыми-техникалық бағдарламалар мен жобалар ;

кез келген шаруашылық жүргізуші субъектілердің ғылыми-технологиялық қызмет саласындағы тұтас алғанда Қазақстан Республикасының мүддесін білдіретін ұсыныстары ;

БМҒТС объектілері болып табылатын ғылыми-техникалық бағдарламалар мен жобаларды, сондай-ақ іргелі зерттеулер бағдарламаларын орындаудың нәтижелері ;

Ғылым мен техника саласындағы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлықтарын алуға ұсынылған жұмыстар /сараптама жасау, ғылым, техника және білім саласындағы мемлекеттік сыйлықтар жөніндегі Қазақстан Республикасының Мемлекеттік комитетімен бірге ұйымдастырылады/ болып табылады .

*Ескерту. 18-тармақтың екінші абзацы жаңа редакцияда - ҚРМК-нің 1994 ж. 8 желтоқсан N 1395 қаулысына сәйкес.*

### 19. БМҒТС-ті өткізу тәртібі:

БМҒТС объектілері жөніндегі өтінім мен материалдар сол объектілерді өткізу /қаржыландыру/ туралы шешімдер қабылдаған мемлекеттік өкімет пен

басқарудың жоғары органдары және басқа органдар тарапынан міндетті түрде Қазақстан Республикасының Ғылым және жаңа технологиялар министрлігіне б е р і л е д і ;

Қазақстан Республикасының Ғылым және жаңа технологиялар министрлігі тапсырыс берушімен келісе отырып, БМҒТС-ті қаржыландырудың негізгі бағыттарын, оның көзі мен шарттарын айқындайды және министрліктің ғылыми-техникалық сараптама басқармасының күшімен оны өткізуді ұ й ы м д а с т ы р а д ы ;

Қазақстан Республикасы Ғылым және жаңа технологиялар министрлігінің ғылыми-техникалық сараптама басқармасы сараптама жасаушыларды /Қазақстан Республикасының Ғылым және жаңа технологиялар министрлігінің жанындағы сараптама кеңестері, Ұлттық ғылым академиясының, ұлттық ғылыми орталықтардың, басқа да академиялардың, министрліктер мен ведомстволардың сараптама комиссиялары, кеңестері, шетелдік сараптау ұйымдары, жекелеген мамандар/ белгілейді, олармен сараптама жүргізуге шарттар жасасады, орындаушылардың сараптау қорытындыларын алады, солардың негізінде БМҒТС-тың жиынтық қорытындысын қалыптастырады.

Қазақстан Республикасының Ғылым және жаңа технологиялар министрлігі БМҒТС-тың жиынтық қорытындысын бекітеді және оны шешімдер қабылдау кезінде пайдалану үшін тапсырыс берушіге ұсынады.

### **Министрліктер, ведомстволар, ғылым академиялары ұйымдастыратын МҒТС**

20. БМҒТС объектілері болып табылмайтын ғылыми-техникалық қызметтің объектілері бойынша Мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптауды объектілерді өткізу /қаржыландыру/ туралы шешім қабылдайтын министрліктер, ведомстволар, ғылым академиялары ұйымдастырады.

21. Министрліктер, ведомстволар, ғылым академиялары ұйымдастыратын М Ғ Т С о б ь е к т і л е р і :

- Ғылым және жаңа технологиялар министрлігі бойынша:

Ғылым қоры қаржыландыратын іргелі және қолданбалы зерттеулердің бағдарламалары мен жобалары; Қазақстан Республикасының Ғылым және жаңа технологиялар министрлігі тарапынан мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын ізденістік ғылыми-техникалық бағдарламалар мен жобалар ;

технологияларды сату мен сатып алудың /олардың ғылыми-техникалық деңгейіне қарай/ контрактілері;

ғылыми-техникалық ақпараттың мемлекеттік жүйесін ұйымдастыру мен дамыту жөніндегі ұсыныстар;

қоғамдық ұйымдар мен мемлекеттік бюджеттен қаржыландыруға үміткерлер

ұсынатын ғылыми-технологиялық қызмет саласындағы ұсыныстар мен жобалар;  
мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдар олар бойынша  
ғылыми-техникалық қызмет саласындағы басқарушылық шешімдерді негіздеу  
үшін ведомстводан тыс сарапшылық бағалауды жүргізуді тиімді деп санайтын  
ө з г е д е о б ъ е к т і л е р ;

- Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы мен Қазақ ауыл  
шаруашылығы ғылымы академиясы бойынша:

іргелі зерттеулердің олардың қалыптасуы мен кезеңдерін орындау  
сатысындағы бағдарламалары мен жобалары;

- басқа министрліктер мен ведомстволар бойынша:  
салалық ғылыми-техникалық бағдарламалар мен жобалар болып табылады.

Министрліктер, ведомстволар мен Қазақстан Республикасының ғылым  
академиялары, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ғылым және жаңа  
технологиялар министрлігінің, басқа да министрліктер мен ведомстволардың,  
жекелеген кәсіпорындар мен ұйымдардың тапсырыстары бойынша  
ғылыми-техникалық сараптау ұйымдастырады.

22. МҒТС осы Ереженің 8 және 19 тармақтарында аталған тәртіппен  
жүргізіледі. МҒТС-қа тапсырыс беруші - тиісті министрлік /ведомство, Ғылым  
академиясы/, ұйымдастырушысы - оның сараптау органы /немесе уәкілдігі бар  
жеке адам/, орындаушылары - ведомстволық сараптау, ғылыми-техникалық,  
проблемалық кеңестер, бұларға республиканың басқа министрліктерінің,  
ведомстволарының тәуелсіз сарапшылары немесе сараптама органдары міндетті  
т ү р д е т а р т ы л а д ы .

23. Мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптаманы ұйымдастыратын әрі  
жүргізетін республика министрліктерінің, ведомстволарының, ғылым  
академияларының сараптама қызметтері, ұжымдық және жеке сарапшылар  
Қазақстан Республикасының МҒТС жүйесін құрайды. Қазақстан  
Республикасының Ғылым және жаңа технологиялар министрлігі, олардың  
ведомстволық бағыныстылығына қарамастан, МҒТС-тың барлық сараптама  
қызметкерлерінің жұмысына бақылау мен талдау жасайды, Мемлекеттік  
ғылыми-техникалық сараптау саласындағы олардың қызметі жөнінде ақпарат  
алуға, салалық бағдарламалар мен жобаларға, іргелі зерттеулердің  
бағдарламаларына бақылау МҒТС-ын, сондай-ақ "сараптамаға сараптаманы"  
таңдап жүргізуге құқы бар. Қазақстан Республикасының Ғылым және жаңа  
технологиялар министрлігі тиісті сараптама қызметтеріне қажетті әдістемелік  
к ө м е к к ө р с е т е д і .

24. Әрбір сараптама қызметінің ішкі құрылымы, жеке құрамы және жұмыс  
регламенті республиканың тиісті министрліктері мен ведомстволарының  
мақсатымен, міндетімен, мүдде ауқымымен айқындалады және осы Ереженің



талаптарына сәйкес келуге тиіс.

25. Сараптау объективтілігінің қажетті деңгейін қамтамасыз ету үшін сарапшыларды іріктеу кезінде олардың тәуелсіздік дәрежесін арттыратын мынадай қағидаларды сақтау ұсынылады:

сарапшылар ізденуші ретіндегі министрліктің, ведомствоның, мекеменің, кәсіпорынның штатында болмауға тиіс; осы тақырып саласында осы тапсырыс берушіден субсидия алуға үміткер болуға тиіс емес;

сарапшылар құрамы айқындалған комиссиялар мен кеңестерде жоғарыдағы талаптарға сай келмейтін адамдар тиісті жобалар бойынша өткізілген мәжілістерге қатыстырылмауы қажет /керек болған жағдайда уақытша а у ы с т ы р ы л а д ы / ;

сарапшыға қысым жасау әрекеті әкімшілік немесе басқа да санкциялармен ж а з а л а н у ғ а т и і с ;

сарапшылар құрамы дүркін-дүркін жаңартылып отыруға тиіс, мұндай жаңартудың нормалары тиісті сараптама қызметтері туралы Ережелерде көрсетілуі керек.

#### **Сараптаманы қаржыландыру**

26. БМҒТС, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Ғылым және жаңа технологиялар министрлігі, ғылым академиялары, министрліктер мен ведомстволар өткізетін, Қазақстан Республикасының Ғылым және жаңа технологиялар министрлігі арқылы республикалық бюджеттен қаржыландырылатын объектілерді МҒТС-ны Қазақстан Республикасының Ғылым және жаңа технологиялар министрлігі ғылымға бөлінген қаражаттан қ а р ж ы л а н д ы р ы л а д ы .

27. Өткізілуі басқа көздерден қаржыландырылатын объектілерді БМҒТС және МҒТС тапсырыс берушілер тарапынан шарттық негізде төленеді.

28. БМҒТС және МҒТС жүргізуге бөлінген қаражат сарапшылар еңбегіне ақы төлеуге және басқа шығындарға пайдаланылады. Бұл қаражаттың мөлшері, төлем жасау мен пайдаланудың тәртібі қолданылып жүрген нормативтік құжаттарға сәйкес айқындалады.